

**Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің
PISA халықаралық зерттеулеріне дайындық бойынша есеп
2023-2024 оқу жылы**

2023 жылдың қыркүйек айында PISA халықаралық зерттеулеріне дайындық бойынша жоспар құрылып бекітілді. Бекітілген жоспар бойынша жұмыстар жүргізілуде. PISA халықаралық зерттеулерінің ережелері мен талаптары мұғалімдерге әдістемелік бірлістіктер отырыстарында таныстырылып талқыланды.

Мектебімізде 2007 жылы туылған 17 оқушы бар, олар 10-11 сынып оқушылары. Аталған оқушылармен арнайы тренингтер жүргізілу басталды. Осы оқушылардың компьютерлік техниканы жетік меңгерулеріне назар аударылуда. Оқушылардың оқу, жаратылыстану- ғылыми және математикалық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар мен есептерді шешу жөнінде видеоматериалдарды «Жүйелік әдістемелік кешен» платформасының «Халықаралық ғылыми жобалар, PISA» бөлімінен көріп, оқушылармен тапсырмаларды сабақтарда қолдану жүргізіліп жатыр.

<http://assessment.cpi-nis.kz/tao/Main/login> онлайн- тренажерлері арқылы 4 рет тестілеу өткізілді. Тестілеу өткізілеу барысында барлық 13 оқушының қатысуы кезінде интернет желісінің тартпауы көп қиындық туғызды. Сол себепті оқушыларды екі топқа бөліп тестілеуді өткізуге тура келді. Тестілеудің өту барысында интернет желісі тартпай қиындық туғызды.

Мектептің компьютерлерінің техникалық жағдайын диагностикалау басталды. Компьютерлердің бағарламалық қамтамасыз етілуі PISA талаптарына сәйкестігі тексерілуде.

Мұғалімдердің біліктіліктерін арттыру бойынша да жұмыстар жүргізілуде. 15 қаңтар күні «Химия, биология, физика, география мұғалімдері үшін функционалдық сауаттылықты дамыту» тақырыбында өткен семинарға -2 мұғалім;

26 қаңтар күні «Оқу сауаттылығын дамыту» вебинарына – 3 мұғалім;

31 қаңтар күні педагогикалық шеберлік орталығы өткізген «Математикалық сауаттылықты дамыту» вебинарына -2 мұғалім;

5 ақпан күні «Қоғамдық – саяси пәндерді оқыту барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту» вебинарына – 2 мұғалім;

6 ақпан күні «Тарих сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттыру» вебинарына -1 мұғалім;

9 ақпанда «Химия сабақтарында функционалдық сауаттылықты дамыту» вебинарына -1 мұғалім және «Физика сабақтарындағы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бойынша – 1 мұғалім қатысты.

Мектеп директоры  Назарбекова С.А.

Орынд. Смаилова С.К.

